

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 18-02/923 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 қарашада № 12276 болып тіркелді

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 102-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 14 қазандағы
№ 18-02/923 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану қағидалары

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 102-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және жеке әрі заңды тұлғалардың (бұдан әрі – орман пайдаланушылар) мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануы тәртібін регламенттейді.

Осы Қағидалардың қолданысы, ерекше қорғалатын орман аумақтарын қоспағанда, мемлекеттік орман қорына таралады.

2. Орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану орман ортасы жағдайында дем алу, емделу, спортпен шұғылдану арқылы адамдардың денсаулығын қалпына келтіру және нығайту, сондай-ақ бірегей орман ландшафтарын, табиғат, мәдени және тарихи мұра ескерткіштерін барып көрумен және зерделеумен байланысты туризм үшін орманның пайдалы қасиеттерін пайдалануды көздейді.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану ормандағы жоғары өрт қауіптілігі кезеңдерінде, селекциялық-тұқым шаруашылығы жұмыстарын, жаңғақ кәсіпшілігі мен орман жемісі шаруашылығын жүргізу мүддесі үшін шектеледі.

4. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуы Кодекстің 42-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік орман қорының учаскелері сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін жеке және заңды тұлғаларға Кодекстің 102-бабының 1-тармағына сәйкес беріледі.

6. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық іс-шараларды жүргізу автотұрақтармен, спорт алаңдарымен, туристік бағдарлармен және соқпақтармен, мемлекеттік орман иеленушінің рұқсаты бойынша басқа да объектілермен жабдықталған арнайы бөлінген учаскелерде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану кезінде орман пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18-02/39 бұйрығымен бекітілген Орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10751 болып тіркелген) сәйкес үй-жайлар,

құрылыстар және басқа да объектілер салады.

8. Ормандардың жай-күйіне әсер ететін құрылыстарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде орман пайдаланушылар ормандарды сарқынды сулардың, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық тастандылардың, қалдықтар мен қоқыстардың оларға теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін іс-шараларды ескереді және жүзеге асырады.

9. Сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Кодекстің 39-41-баптарымен айқындалған тәртіппен және негіздер бойынша тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады.